

Register your product and get support at
www.philips.com/welcome


Straightener




KK Қолданушының нұсқасы

PHILIPS

1



2



Осы затты сатып алуыңызбен құттықтаймыз және Philips желісіне қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өніміңізді www.philips.com/welcome торабында тіркеңіз.

1 Маңызды

Құралды қолданар алдында осы пайдалану нұсқаулығын мұқият оқып шығыңыз және болашақта анықтама құралы ретінде пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

- ЕСКЕРТУ: Құралды суға жақын қолданбаңыз. Құралды ваннада, душта, бассейнде және басқа су бар жерлерде қолданбаңыз. 
- Құралды қосар алдында онда көрсетілген кернеудің жергілікті берілетін кернеуге сәйкес келетіндігін тексеріңіз.
- Құралды нұсқаулықта көрсетілмеген басқа мақсаттарға пайдаланбаңыз.
- Құралды тек құрғақ шашқа пайдаланыңыз. Құралды жасанды шашқа пайдаланбаңыз.
- Құралдың ыстық беттерін теріңізден алшақ ұстаңыз.
- Құрал токқа қосулы тұрса, оны қадағалаусыз тастап кетпеңіз.
- Пайдаланып болғаннан соң құралды токтан суырыңыз.
- Құрал ыстық болғанда, оны тек ыстыққа төзімді бетке қойыңыз және құралдың бетін ешқашан сүлгімен немесе шүберекпен жаппаңыз.
- Егер Philips ұсынбаған немесе басқа өндірушінің керек-жарақтары мен бөлшектерін пайдалансаңыз, кепілдік жарамсыз болып табылады.
- Сымды құралға орамаңыз.
- Құралды боялған шаштарға пайдаланғанда, шашты түзететін

табақшаларда дақ пайда болуы мүмкін.

- Егер ток сымы зақымдалған болса, өзіңізге зиян тигізіп алмас үшін оны тек Philips, Philips әкімшілігі ұсынған қызмет орталығы немесе соған сәйкес білікті маман көмегімен алмастырыңыз.
- Олардың қауіпсіздігіне жауапты адам қажетті бақылау жасамаса немесе осы құралдарды қалай пайдалану керектігі жөнінде нұсқау бермеген болса, физикалық сезімталдығы төмен немесе ақыл-есі кем, сондай-ақ, тәжірибесі мен білімі жоқ адамдар (оның ішінде жас балалар да) бұл құралды пайдалануына болмайды.
- Балалардың құралмен ойнауына рұқсат бермеңіз.
- Қосымша қауіпсіздік үшін ваннаға кіргізілген электр желісіне тізбекті ток құралын (RCD) орнатуға кеңес беріледі. Осы RCD құралында мөлшерленген жұмыс жасайтын ток 30 милиамперден аспауы тиіс. Орнатушыңыздан кеңес алыңыз.

Электромагниттік өрістер (EMF)

Бұл құрал электромагниттік өрістерге (EMF) қатысты барлық стандарттарға сәйкес келеді. Егер дұрыстап және осы пайдалану нұсқаулығына сәйкес етіп пайдаланылған болса, бүгінгі ғылыми дәлелдер негізінде құралды пайдалану қауіпсіз болып табылады.

Қоршаған орта

Өнімде сызылған дөңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі болса, ол өнімнің Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді:





Ешқашан өніміңізді басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Электр және электрондық өнімдердің бөлек жиналуы туралы жергілікті ережелерімен танысыңыз. Ескі



өніміңізді қоқысқа дұрыс тастау арқылы қоршаған ортаға және адам денсаулығына кері әсерін тигізудің алдын аласыз.

2 Шашты түзету

Шашыңыздың түріне сәйкес келетін температура таңдалғандығын тексеріңіз. Шаш түзеткішті алғаш пайдаланғанда, әрдайым ең төмен температураны таңдаңыз.

Шаш түрі	Температура параметрі
Қатты, бұйра, түзету қиын	Орташадан жоғарыға дейін (170 °C және одан жоғары)
Жұмсақ, орташа жүйеленген немесе жұмсақ толқынды	Төменнен орташаға дейін (160 °C және одан төмен)
Түссіз, ақ құба, түссіздірілген немесе боялған	Төмен (160 °Cдан төмен)

- 1 Шанышқыны розеткаға қосыңыз.
- 2  түймесін (1-сурет) дисплейдегі шам жанғанға дейін басып ұстап тұрыңыз.
 - ↳ Стандартты температура параметрі көрсетіледі.
 - ↳ SONIC көрсеткіші қосылады.
- 3  түймесін басып, шашыңызға сәйкес келетін температураны таңдаңыз.
 - ↳ Шаш түзеткіш таңдаған температураға дейін қызғанда, READY (ДАЙЫН) көрсеткіші жанады.
 - ↳ Шаш түзеткіштің қалған пайдаланылатын уақыты көрсетіледі.
- 4 Шашыңызды тарап, 5 сантиметрден аз шаш бумасын алып, түзете бастаңыз.

- 5 Шаш бумасын түзету табақшалары арасына салып, саптарын қосып қысыңыз.
↳ Дыбыстық діріл қосылады.
- 6 Шаш түзеткішті шашыңыздың ұзындығы бойынша төмен қарай бір қозғалыспен (ең көп дегенде 5 секунд) түбінен ұшына қарай сырғытыңыз.
- 7 20 секундтан соң, өзіңіз қалаған нәтижеге жеткенше, 6-қадамды қайталаңыз.
- 8 Қалған шашыңызды түзету үшін 4-қадамнан 7-қадамға дейін қайталаңыз.
 - Дыбыстық дірілді сөндіру үшін  түймесін (2-сурет) SONIC көрсеткіші сөнгенге дейін басыңыз.
 - Соник дірілін қайта қосу үшін  түймені қайта басыңыз.

Шашыңызды түзетіп болғаннан кейін,

- 1 шаш түзеткішті ажыратыңыз.
- 2 Оны әбден суығанша ыстыққа төзімді бетке қойыңыз.
- 3 Түзегіш тақталарын шаңнан және кірден таза ұстаңыз.
 - Сақтау үшін оны ілмегінен іліп қоюға да болады.

3 Кепілдік және қызмет.

Егер ақпарат алу керек болса немесе сізде шешілмеген мәселе болса, Philips компаниясының www.philips.com веб-торабына кіріңіз немесе еліңіздегі Philips тұтынушылар орталығына телефон (ол нөмірді дүние жүзі бойынша берілетін кепілдік кітапшасынан алуға болады) шалыңыз.



© Royal Philips Electronics N.V. 2009
All rights reserved.

Specifications are subject to change without notice.
Trademarks are the property of Koninklijke Philips
Electronics N.V. or their respective owners.

Printed in China PDCC-2009
3140 035 21451



100% recycled paper
100% papier recyclé